

«КЕЛІСЕМІН»

Батыс Қазақстан облысы

Спорттық бағдарлау

Федерациясы президенті

Н.Ғ. Қасимов

2025ж



«БЕКІТЕМІН»

Батыс Қазақстан облысы

дене шынықтыру және спорт
басқармасының басшысы

Б.М. Сабитов

2025ж



Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионатының ережесі

I. Мақсаты

- Спорттық бағдарлау спортын дамыту және насихаттау;
- Облыс спортшыларының шеберлігін арттыру;
- Жасөспірімдер мен балалар арасында спорттық тәрбие беру;
- Жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру;
- Республикалық және халықаралық жарыстарға қатысатын Батыс Қазақстан облысының команда құрамын іріктеу мақсатында өткізіледі.

II. Жарысты өткізуге басшылық

Жарысты ұйымдастыру мен өткізу бойынша жалпы басшылықты және тікелей өткізу Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі. Жарыс Қазақстан Республикасының спорттық бағдарлаудан жарыстар өткізу және IOF ережесіне сай өтеді. Қатысушылардан otgeo.ru ресми сайтында өздігінен жарысқа тіркелуі сұралады.

III. Жарысты өткізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 8-12 шілде күндері БҚО Теректі ауданы, Тақсай ауылында өтеді. Қатысушылардың келу уақыты 8 шілде сағат 16:00 – ге дейін.

IV. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа аудандық, қалалық балалар – жасөспірімдер спорт мектептерінің, білім орындарының оқушылары, колледж және жоғары оқу

Handwritten signature

орындарының студенттері, туризм орталықтары мен станцияларының командалары қатыса алады.

Қатысушылардың жас ерекшеліктері:

MW10 (2015 – 2016 ж .т ұл,қыз)

MW12 (2013 – 2014 ж .т ұл,қыз)

MW14 (2011– 2012 ж .т ұл,қыз)

MW16 (2009 - 2010 ж .т ұл, қыз)

MW18 (2008 – 2007 ж. т ұл, қыз)

Командалық есепке алынатын қатысушылар әр топтан бір ер ұл, бір қыз жарысқа сұраныс беру сәтінде көрсетіледі. Басқа қатысушылар жеке сынақта ғана сайысқа түседі.

V. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 4 күн өтеді. Бағдарлама бойынша қатысушылар 3 қашықтықта жарысқа түсетіндіктен, әр қашықтыққа карта алулары тиіс. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары, ыңғайлы киімі болуы тиіс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Туған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт разряды	Есеп (зачет)	Дәрігер рұқсаты
1	Сағыналин Ерлан	08/10/1998	M21E	СШҰ/КМС	Командалық	
2	Қасимов Нұркен	15/05/1996	M21E	P/ж	Жеке	

(сұраныс берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

- іс сапар туралы бұйрық

- әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Алдын – ала өтінішті 2025 жылдың 7 шілдеге дейін жіберулеріңіз сұралады немесе команда өкілі ОРГЕО сайтында спортшыларды өзі тіркейді.

VI. Жарыс бағдарламасы:

08.07.2025ж

16:00 – Қатысушылардың келуі, далалық жағдайда орналасуы, тіркелуі.

17:00 – 18:00 Модельді қашықтық

09.07.2025ж

10:00 – Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионатының ашылу салтанаты.

13:00-14:00 - түскі ас

14:00 - «Спринт» қашықтығы

21:00 - команда өкілдерінің отырысы

10.07.2025ж

14:00 «Орта» қашықтығы;

13.00 – түскі ас

21:00 – команда өкілдерінің отырысы;

11.07.2025ж

14:00 «Микроспринт» қашықтығы;

13.00 – түскі ас

18.00 – 19.00 Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионатының жабылу салтанаты

VII. Марапаттау

Әр қашықтық және жас мөлшері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаз командалар Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының командалық кубоктарымен, дипломдарымен, медальдармен марапатталады. Командалар арасында жалпы қорытынды есепке барлық қашықтықта үздік нәтиже көрсеткен қатысушыларының нәтижелері (әр жас ерекшелігінен 1 ер, 1(қыз) әйел) енгізіледі.

VIII. Қаржыландыру

Жарыс дипломдары, кубоктар, төрешілік қызмет үшін төлем «Жайық Арена» спорт клубы есебінен. Жарыстың әрбір кезеңінде қатысушылардың шығындарын, қатысушылардың жарыс кезіндегі тұруы мен тамақтану, жарыс картасын алу шығындары іссапарға жіберуші мекеме есебінен.

*Кординаторлар: Бас төреші Нурманов Райлан Ерсалинович (ҚРҰСТ) тел: 8 777 671 75 46,
Бас хатшы: Дыланова Назира (I дәрежелі СТ) тел: 8 747 748 10 09*

Ұйымдастырушылар жарыс бағдарламасына аздаған өзгеріс енгізуге құқылы!